

Ембі ТЫНЫСЫ

№ 16 (32),
тамыз
2019 жыл

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті газеті



Құрметті мұнай-газ саласының ардагерлері, әріптестер, жерлестер!

«Ембі тынысы» корпоративті газетінің бүгінгі арнаулы санын біз отандық мұнай-газ саласының қалыптасуына, алғашқы басшылар мен «Ембімұнайгаз» АҚ-ның қалыптасу тарихына, сондай-ақ, Компанияның бүгінгі тынысына арнадық. Өздеріңізге белгілі, қазақстандық мұнайдың бастауы 1899 жылы қасиетті Ембі жерінен, Қарашұңгіл құрылымындағы №7 ұңғымадан алды.

Алғашқы мұнай фонтаны осы аймақта екі жүз жылға жуық жүргізілген зерттеулерден кейін атқылады. Ал, Ембінің мұнай кен орындарында барлау жұмыстары 1892 жылы басталды.

Революцияның ауыр жылдары, кейінгі азаматтық соғыс, алғашқы мұнай кәсіпшіліктерін қалыптастыру бойынша жүргізілген ауқымды жұмыстар, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ембілік мұнайшылардың ерлігі – бұл оқиғалардың барлығы мұрағат мәліметтерінде сақталған. Сол жылдары мұнай кәсіпшіліктерін дамытумен қатар қазақстандық кадрларды даярлау жұмысы жүрді. Алғашқы қазақстандық мұнайшылардың ұрпағы бүгінгі күнге дейін «Ембімұнайгаз» АҚ-да және еліміздің өзге де мұнай-газ компанияларында еңбек етіп, білікті кадрлардың негізгі құрамын қалыптастыруға үлкен септігін тигізуде. Өткен ғасырдың 30-жылдарында компанияның базасында мұнай техникумы ашылып, Гурьев-Ембі-Ор мұнай құбырының құрылысы басталды.

Соғыс және соғыстан кейінгі жылдары жоғары сапалы отынға деген үлкен қажеттілік отандық мұнай өндірісі мен тұтастай мұнай өңдеу саласының дамуына күшті серпін берді. Гурьев мұнай өңдеу зауыты салынды. «Қазақстанмұнай» өндірістік бірлестігі болып қайта құрылған «Ембімұнай» тресі құрамына 1945 жылдан бастап Қазақ ССР аумағындағы мұнай кәсіпорындары кірді. Ембі геологтары Батыс Қазақстандағы ең ірі көмірсутек кен орындарын - Теңіз, Өзен, Маңғышлақ, Прорва, Кенбай және басқаларын ашты, соның арқасында мұнай-газ саласы әлі күнге дейін ел экономикасының локомотиві болып саналып келеді.

Мен газет оқырмандарын осынау айтулы мерейтоймен құттықтаймын! Дендеріңізге саулық, істеріңізге сәттілік тілеймін! Алға қойылған өндірістік міндеттер уақытылы орындалып, тарихи шежіре абыройлы жалғасын табады деп сенім білдіремін.

Ізгі тілекпен,
«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы
Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ

Уважаемые ветераны нефтегазовой отрасли, коллеги и земляки!

Сегодняшний специальный выпуск корпоративной газеты «Ембі тынысы» мы посвятили истории становления отечественной нефтегазовой отрасли, информации о первых руководителях и основных вехах развития акционерного общества «Эмба мұнайгаз», а также рассказу о современном этапе и перспективных планах нашей Компании! Как Вам известно, история казахстанской нефти берет начало в 1899 году на священной земле Эмбы, с первого фонтана нефти со скважины №7 структуры Карашунгул.

Первому фонтану нефти предшествовали почти двухсотлетние исследования этого края, а поисково-разведочные работы на нефтеносных участках Эмбы начались еще в 1892 году. Трудные годы революции, последовавшей гражданской войны и огромная работа по восстановлению первых нефтяных промыслов, подвиг эмбинцев в годы Великой Отечественной войны – все эти вехи становления нашей компании. Вместе с развитием нефтяных промыслов, в те годы, шло развитие казахстанских национальных кадров, потомки которых по сей день работают как в АО «Эмба мұнайгаз», так и в других нефтегазовых компаниях страны, и проектах за ее пределами. На базе Эмбы в 30-е годы прошлого века открылся нефтяной техникум, началось строительство нефтепровода Гурьев-Эмба-Орск. Большая потребность в качественном топливе в военные и послевоенные годы дала мощный толчок к развитию отечественной нефтедобывающей и нефтеперерабатывающей отрасли в целом. Был построен Гурьевский нефтеперерабатывающий завод. А с 1945 года трест «Эмбанефть», преобразованный в производственное объединение «Казахстаннефть», включал в себя все предприятия нефтяной отрасли, действовавшие после войны на территории Казахской ССР. В копилке достижений эмбинских геологов - крупнейшие месторождения углеводородного сырья на территории Западного Казахстана - Тенгиз, Узень, Мангышлак, Прорва, Кенбай и др., благодаря которым нефтегазовая отрасль по сей день является локомотивом развития экономики страны.

Я сердечно поздравляю всех читателей этого выпуска со знаменательной юбилейной датой! Желаю всем здоровья и благополучия, новых проектов – нефтяной Эмбе, мира и процветания нашей Родине - Казахстану!

С искренними пожеланиями,
Председатель Правления АО «Эмба мұнайгаз»
Ануар ЖАҚСЫБЕКОВ

Казахстанской нефти – 120 лет: Все начиналось на Эмбе

В этом году казахстанская нефтегазовая отрасль отмечает знаменательный юбилей. Сегодня трудно оценить значение нефтегазовой отрасли для Казахстана, являющейся локомотивом ее экономического развития и основным источником формирования бюджета страны. В преддверии юбилейной даты с помощью архивных документов мы попытались восстановить летопись становления отечественной нефтянки, получившей свое начало на первых эмбинских месторождениях.

ПЕРВЫЕ НЕФТЯНЫЕ ОБЩЕСТВА НА ЭМБЕ

История отечественной нефтянки берет начало с первого фонтана нефти со скважины №7 в местности «Карашунгул» (ныне на контрактной территории АО «Эмбаунагаз» в Жылыойском районе Атырауской области).

Это событие стало результатом почти двухсотлетних исследований края, начиная с экспедиций князя Александра Бековича-Черкасского, походов сподвижника царя Петра I - Ивана Бухгольца (1671-1741) и других исследователей.

Согласно историческим данным, первым поисково-разведочные работы в 1892 году на месторождении Искине начал соль-илецкий адвокат Юрий Лебедев, позже уступивший право проведения работ отставному штабс-капитану Леману. В 1893 году интенсивное разведочное бурение развернулось в районах Доссора, Каратона, Макада и Карашунгула на территории, равной по площади 24.000 квадратным верстам.

Стараниями братьев Леман, некогда входивших в состав известной экспедиции Г.Е. Грум-Гржимайло, а также ещё одного её участника, барона Донельмайера была создана первая на Эмбе нефтепромысловая кантора – «Леман и К°» (1898-1909 гг.). Благодаря особым заслугам Грум-Гржимайло как ученого, компания получает от имени царя в вечное пользование степь и недра Эмбинского района.

«Леман и К°» просуществовала немногим более десяти лет, но именно с именем этой компании связано начало истории нефтедобычи в Казахстане. В середине ноября 1899 года состоялось поистине грандиозное событие, ставшее знаковым и для современного Казахстана – на месторождении Карашунгул взметнулся первый нефтяной фонтан.

Нефтедобытчики «Леман и К°» стремились закрепить первые успехи, увеличивая число разведанных месторождений. Без ученых-геологов осуще-

ствить грандиозные планы было немыслимо. В 1901 году Геологическим комитетом из Санкт-Петербурга на берега Эмбы командирована экспедиция, возглавил которую выдающийся ученый, член-корреспондент Академии наук, член Петербургского минералогического общества Сергей Николаевич Никитин (1851-1909).

В архивных документах содержится информация о пробуренных в 1899 г. на Карашунгуле 17 скважинах. Озеро Карашунгул описывается как (цитата) «несомненное карстовое/провальное/явление, возникшее тем не менее на юго-восточном крыле по крайней мере двух складок, сложенных из свиты чередующих слоев гипса и песчанистых глин серого цвета с углистыми включениями, иногда битуминозных».

Нефть Карашунгула «...очень легкая ..., удельный вес свежее добытой нефти через 2-3 дня составляет 0,849, прозрачная и обильная газами».

Здесь же идет речь о 20 скважинах на структуре Каратон, пробуренных в 1900 году, и нескольких скважинах, пробуренных в 1908 году. Каратон характеризуется как «куполообразное залегание нефтеносной толщи».

Фактически с этого времени начинается основанный на научном подходе геологоразведочный процесс и оценка качества добываемого сырья. Экспедиция пробурила десятки скважин в перспективных местностях - прежде всего в Доссоре и Карашунгуле.

В 1908 году на месторождении Искине нефтепромышленник Стахеев на скважине №5 с глубины 228 метров получил фонтан легкой нефти с суточным дебитом около 8 тонн.

Однако мировое внимание нефтеносные районы привлекли после того, как в апреле 1911 года в Доссоре было открыто крупное месторождение нефти, качество которой по своему химическому составу превосходило ту, что добывалась в Баку.

К этому времени всю нефтедобычу в регионе осуществляли западноевропейские компании. Владельцы «Леман и К°», позже преобразовавшие её в «Эмба-Каспийское товарищество», из-за недостатка средств вынуждены были обратиться к правительству с предложением о продаже предприятия или о создании на его базе смешанного общества с участием крупного иностранного капитала.

Локомотивом, взявшимся в 1910-1914 годах вытягивать нефтяную отрасль Казахстана, стали англичане, охотно шедшие на создание акционер-

ных нефтяных компаний. За короткий срок к нефтедобыче в регионе приступили «Западно-Уральское нефтяное общество», «Центрально-Урало-Каспийское общество», «Северо-Каспийская нефтяная кампания» и некоторые другие, в которых помимо британцев владельцами акций были инвесторы из Германии, Франции и Швейцарии.

10 апреля 1912 года государственным актом создается акционерное общество нефтяной промышленности и торговли «Эмба», учредителями которого становятся полный статский советник Э.Л.Нобель, статский советник Т.В.Белозерский и потомственный почетный гражданин И.Н.Стахеев.

12 мая того же года в Санкт-Петербурге проходит первое общее собрание акционеров, на котором создается управление общества. С этого дня акционерное общество нефти и торговли официально начинает работать. В этот период Лондонская биржа выпускает акции, призванные стимулировать нефтедобычу на казахстанских промыслах.


Через несколько лет после открытия нефтяного месторождения Доссор (1911 г.), в 1915 году первую нефть даёт месторождение Макат, обнаруженное компанией «Нобель». Последнее событие привело к тому, что на рубеже 1914-1915 годов добыча нефти на этих двух месторождениях впервые переваливает за 200.000 тонн.

НЕФТЯНЫЕ ПРОМЫСЛЫ ПОСЛЕ ГРАЖДАНСКОЙ ВОЙНЫ

Революция и последовавшая за ней гражданская война затормозили развитие эмбинских нефтяных промыслов. Осознавая важность нефти для экономики нового государства, армия вела ожесточенные бои за взятие устья Урала и Эмбы. Восстанавливать добычу на нефтяных промыслах, которые были разрушены и частично сожжены, приходилось в тяжелейших условиях дефицита продовольствия, пресной воды и квалифицированных специалистов. На промыслах буйствовала эпидемия, ввиду чего отмечалась сильная текучесть среди рабочего персонала.

Первому руководителю Эмбы, Председателю управления нефтяными промыслами Урало-Эмбинского района, Рувиму Фридману в эти годы пришлось решать целый комплекс трудных задач – восстанавливать промыслы, строить инфраструктуру, обеспечить производство транспортом и фуражом для лошадей, решать вопросы быта нефтяников. Из отчетного письма Фридману руководству в августе 1920 года (стилистика и орфография сохранены):

«...Армия вошла в город с ненормальным государственным взглядом, все здесь рассматривалось как военная добыча и разбиралось по ниточкам. Нефтепредприятия представляли из себя самое богатое учреждение и из запасов их брали все..... таким образом оказались опустошенными гараж, амбары, склады, мастерские и прочее. С моим приездом эти действия приостановлены, даже кое-что привлечено к работе, но получить обратно взятое уже было невозможно: автомобили, грузовики ушли частью в Уральск, частью отправлены неведомо куда, пишущие машины увезены, материя, предметы продовольствия и прочее – все это распределено и увезено. Но то, что взято и разрушено в деле со взятием города, даже не заслуживает внимания в сравнении с тем, как разрушили промысла бе-



лые: с промыслов увезено много орудий производства, забраны отдельные части машин, уничтожено много чрезвычайно нужного материала.

Город Гурьев не имеет никаких собственных источников питания, буквально все виды продовольствия сюда привозились и должны привозиться извне, причем доставка сюда продуктов должны быть рассчитана на создание зимних запасов, так как с начала октября до начала навигации город отрезан от внешнего мира в смысле подвоза....

...Работа на Эмбинских нефтяных промыслах может протекать нормально только при двух условиях: наличии хорошо оборудованного транспорта и продовольственных запасов...Промысел Доссор находится в 120-ти верстах от Гурьева. К Доссору грузы подаются по грунтовому пути на грузовиках, лошадях и верблюдах, вода заготавливается частью скоплением снега в ледниках, частью опреснением принятой с моря по нефтепроводу морской воды и частью подвозом из колодцев, находящихся в верстах 30-ти от промысла....

...К моему приезду у Управления не было ни одного грузовика, ни одного легкового автомобиля, за отсутствием фуража, скот был угнан далеко в степь, его и так в городе держать нельзя из-за слепней и комаров. Почти все автомобильное имущество бывших нефтефирм оказалось расхищенным, в городе в наличии оказался только один военный грузоавтоотряд, который с середины мая по моему приказу стал обслуживать промысла... В настоящее время максимальная месячная перевозочная способность грузоавтоотряда равняется 1.000 пудов, а содержание отряда обходится управлению почти в 200.000 рублей в месяц. Вследствие этого промысловые продовольственные запасы уже съедены, и от времени до времени рабочим приходится голодать за невозможностью подвозить достаточно хлеба.

...В течение всего лета рабочим, кроме хлеба, ничего не выдается, и то до моего приезда им выдавалось 18 фунтов в месяц...С моим приездом я приказом установил для них красноармейский паек, однако, за отсутствием хлеба в городе приходилось выдавать только 25 фунтов...Плохое питание, отсутствие зелени, сахару и жиров сказывается очень тяжело на здоровье рабочих, свирепствует цинга, малокровие, общее недомогание, на этой почве масса пропущенных дней, то и дело контрольная комиссия врачей кого-нибудь освобождает от работы или переводит в другие климатические условия... **Е**

(Продолжение на странице 8).



Ембіліктер - қазақтың алғашқы жұмысшы табының бастауында



басқаратын арнайы мекеме ашылды. Зерттеуші Л. Бердіғожиннің есебінше 1898 жылы мұнайды іздестіру барысындағы түрлі жұмыстарға аалғашында 59 қазақ тартылған екен. Олар мұнай экспедицияларына жол бастаушы, керуен жұмысшысы, атшы, жүк тиеуші, күзетші, қара жұмысшы ретінде тіркелген.

1899 жылғы тамыз айының екінші жартысында Қазақстанға жаңа экспедиция аттанды. Оның құрамында белгілі ағартушы Н.Г. Чернышевскийдің баласы Михаил, әскери инженер В.К.Фельдт, инженер С.В.Трубецкой болды. Олар 24 қыркүйекте Индер көлінің жағалауына жақындап, Бай Мөңкеден өтіп, Грум-Гржимайло басқаратын Ембі-Закаспий бірлестігі орналасқан Қошқар көлге келіп тоқтаған. М.Н. Чернышевский өз күнделігінде мұнай іздеу 8 жыл бойына жүргізілгенімен нәтиже бермеді дей отыра, әзірше мұнайға ең бай жер Қарашұңгіл деп жазады. Сол сәтте ол жерде 6 скважина, 60 жұмысшы еңбек еткен. 1899 жылы 18 қарашада Қарашұңгілде 40 метрден алғашқы мұнай фонтаны атқылады. Сөйтіп, тәулігіне 12-25 тонна мұнай алына бастады. Н.Н. Леман қарауында еңбек еткен 89 адамның 40-ы қазақ болатын.

Қазақтардың мұнай саласына тартылуы туралы 1929 жылы Мәскеу мұнай институтына инженер-геолог мамандығына түскен Нарен Имашев 1935 жылы өз қолымен толтырған өмірбаянында Қазан төңкерісіне дейін-ақ үш ағасының

Мартөк, Итассай, Жосыдағы мұнай іздеу жұмыстарына қатысқандығын жазса, 1931 жылы Баку мұнай институтына түскен Сафи Өтебаев естелігінде 1916 жылы мұнай жұмысшыларымен алғаш рет Доссорда еңбек ететін ағалары Ғұсман, Қали арқылы танысқандығын алғартады. Ал, Түркімен-Адай болысындағы Тәңірберген ауылының қазағы Тілеулі Бимағамбетов 1912 жылы Доссор-Ракуша мұнай құбырына бақылаушы болып келісім шартқа отырған екен. Олай болса, қазақтар үшін мұнай өнеркәсібін игеру, оның барлық салаларына белсенді түрде қатысу күн тәртібіне уақыт талабымен шыққан маңызды оқиға.

Бірден мол байлыққа кенеле алмаған Н.Н. Леман 1907 жылы «қазақ даласы 300 жыл өтсе де екінші Баку бола алмайды» деген қорытындыға келіп, патша үкіметінен өз билігіндегі кен орындарын сатуға немесе қосымша капитал тарту үшін шетелдіктермен аралас қоғамдар құруға рұқсат сұрады. 1908 жылы Н.Н.Леман И.И.Стахеевпен одақтасып, «Ембі-Каспий» қоғамын құрғанымен дйттегеніне жете алмады. 1909 жылы 2 мамырда Гурьев-Ембі тұзды көлдерін бақылап отыратын маманның хабарына сенсек, Гурьев уезінде И.И.Стахеев қана мұнай іздестірумен шұғылданған екен. Оның қарамағында Ескенеде 69, Доссорда 31 адам еңбек еткен.

Орал-Каспий қоғамында 1911 жылы 23 сәуірде Ескенеде - 32, Доссорда - 67, Мақатта 31 жұмысшы тіркелген. Міне,



осы адамдар қазақ мұнайының бетбұрысты оқиғасына куә болды. 1911 жылы 29 сәуірде Дос-сорда басталған мұнай фонтанының хабары алысқа тарады. Фонтан 30 сағат бойы атқылап арты өртке ұласты. Доссор мұнайды Қарашұңгілден бірнеше есе көп бере бастады. Мұнда осы жылы жұмысқа атақты қазақ мұнайшыларының бірі Сабыр Зорбаев (1893-1970) орналасты. Кейін ол осы Доссор, Мақат, Ескене мұнай өндіру кәсіпшіліктерінде жұмысшыдан директорға, басқарма директорының орынбасарына дейінгі еңбек жолдарынан өтті.

Жайық-Жем аралығындағы жаңалықтардан хабардар Э.Л. Нобель 1911 жылы алдымен «Ағайынды Нобельдердің» кеңсесін Гурьев қаласында ашты. Мұндағы өзгерістерді сезген соң осы жылы Санкт-Петербургте Орал өңірінде, Кавказда мұнай іздестіру үшін және табылған мұнайды сату мақсатында «Ембі» акционерлік қоғамын құрды. Қоғам үкіметтік шешіммен 1912 жылы 10 сәуірде бекітілді. Оның құрылтайшылары Э.Л.Нобель, стат кеңесшісі Т.В. Белозерский және И.И.Стахеев еді. Гурьев қаласында қоғамның кеңсесі ашылды.

1912 жылы 12 мамырда Санкт-Петербургте қоғам акционерлерінің алғашқы жиналысы болып, өз жұмысын бастады. Міне, осы күнді Нобельдердің заңды түрде Қазақстан мұнайына келуі деуімізге әбден болады. Нобельдер қаражаты «Ағайынды Нобельдер серіктестігі» мен «Ембі» қоғамында шоғырланды. Олардың біріншісі дербес акционерлік серіктестік ретінде тіркелсе, екіншісі орыс серіктестігіне мүше болды. 1914 жылы Жайық-Жем ауданында Нобельдермен қатар «Колхида», «Ембі-Каспий» қоғамдары мұнай іздеу, өндірумен шұғылданды. Қоғамдар ішінен 1912-1914 жылдар аралығында осы өңірде өндірілген 14.101.169 пұт мұнайдың 37%-ы Нобельдерге, ал 63%-ы «Жайық-Каспий» қоғамына тиесілі еді. Бұл бәсекелестік кейін де жалғасты. Қазан төңкерісіне дейін ең көп мұнай өндірілген 1914 жылы (272,2 мың т.) Нобельдер өз үлесін 39,4 %-ға жеткізді. Нобельдер өз жұмысында үнемі барлау және бұрғылап мұнай іздестіру істеріне назар аударды. Соның әсерімен олардың игерген скважиналардың саны 43-ке жетті. Сөйтіп, Нобельдер Қазақстандағы мұнайлы кен орындарын игерудегі екінші ірі компания деңгейіне көтерілді. Яғни Нобельдердің ақыл-ойы мен іскерлігінің тарихта қалдырған ізі бүгінгі Нобель сыйлығы екенін мойындасақ, адамзат үшін жұмсалып жатқан мол қаражатқа 1912 жылдан кейін қазақ мұнайы да өз үлесін қосты деп сенімді түрде айта аламыз. Сонымен бірге, Нобельдер және өзге де шетелдік компаниялар қаражаты мен тәжірибесі мұнайлы Қазақстанды сол заманда әлемдік нарыққа шығарып қана қоймай, өндіріске өз уақытындағы алдыңғы қатарлы технологияны енгізіп, қазақтардан мұнайшы мамандарды дайындауға оң септігін тигізді. 1911 жылғы қазақтың шөлейтті сайын даласының бір пұшпағы Доссордан мұнай фонтанының атқылауы көшпенді қазақтың санасына сілкініс, даласына серпіліс әкелді деуге негіз бар. Осы жерде алғашқы жұмысшы табы қалыптасты. Таңның атысы мен күннің батысына дейін малдың соңында жүрген қазақтың қайратты азаматтары енді өндірістің «домна пешінде» сомдалды, шыңдалды. Көзі ашылды, еңсесі көтерілді.

Қуантатыны сол, Доссор мұнайы қазақ елінің, қазақ халқының барлығын айдаял әлемге паш етті. **Е**

(Деректер тарихи құжаттардан алынды).

Тарихқа назар аударсақ, мұнай туралы қызықты деректерді көптеп табуға болады. Таяу Шығыс елдерінің тұрғындары осыдан 6000 жылдай бұрын мұнайды қару-жарақ жасауға, құрылыс материалдарын (битум, асфальт) дайындауға пайдалана бастаған. Кейін Қытай елі бамбук ағаштарын пайдаланып жер астынан мұнай өндіреді.

Біздің елге келетін болсақ... 1927 жылы Қазақстан мұнай кәсіпшілігінде еңбек еткен, қазақ жастарына арналған алғашқы «Мұнай» атты оқулығында С.Шарипов: «Орал-Жем аймағындағы мұнай 40-50 жылдан бері ізделген. Одан арғы жерде де, сондағы тұрғын қазақтар мұнайдың бар екендігін білген, керегінше пайдаланған. Құдық қазып, не болмаса жердің не судың үстіне шығып жатқан мұнайды алып жұмсаған. Ол мұнаймен қазақ кәсіп қылмаған. Түйенің қотырына, адамның іші ауырғанда, болмаса қотыр болғанда ем қылып, сондай-ға ғана жұмсаған. Оның отын орнына жарайтынын білмеген, жағып пайдаланбаған. Сол қазақтар мұнайдың атын «мұнай» деп қойған», – деп жазылған.

Мұрағат қорларынан табылған құжатта «Орал облысындағы ең алғашқы белгілі болған мұнайлы мекен Мәтен Қожа Май болатын. Ол Ойыл өзеніне жақын, Бүйрек, Тайсойған құмдарының ортасында, Калмыковск станциясынан 100 шақырым жерде орналасқан. Бөл өңір XIX ғасыр басында өмір сүрген молда Мәтен атымен аталған делінген.

Демек, қазақ жерінде мұнайдың барлығы XIX ғасырдың екінші жартысында-ақ іскер кәсіпкерлерге белгілі болды. Көп ұзамай Жайық-Жем ауданына Ресейдің зерттеуші ғалымдары келе бастады. Оған белгілі дәрежеде мұнай саласындағы жаңалықтар: 1849 жылы канадалық геолог Абрахам Геснердің керосинді өндіріске енгізуі, 1859 жылы АҚШ-та мұнай өндіріліп, алғашқы скважиналардың бұрғылануы оң ықпал етті. Бір сөзбен айтсақ, нақ осы 1859 жыл дүние жүзінде мұнайдың өндіріске айналған жылы ретінде қабылданған. Мұның өзі Каспий аймағын екпінді зерттеуді бастауға әсерін тигізді. Зерттеушілер Н.Северцев, И.Борисов 1857 жылы, П.С. Паллас 1863 жылы, Д.Кирпичников 1874 жылы, Новаковский 1886 жылы қазақ даласында болып, Мәтенқожа, Доссор, Ескене, Қарашұңгіл және басқа мекендерде мұнайдың барлығын анықтағанымен, табиғат жағдайының қиындығын алға тартып, мұнайды игеруге болатындығына күмән келтірген.

1890 жылы Түркістанға темір жол салу мәселесі күн тәртібіне шыққан кезеңде Жайық-Жем аралығын қайта зерттеу басталды. Содан 1892 жылы Ресей-Орал темір жолы Никитиннің басшылығымен жер қыртысына барлау жүргізіп, оны Доссор, Ескене, Қарашұңгіл жерлерін қолмен 7-9 метрге дейін қазып тексерген. Осы жылы Соль-Илецк адвокаты Ю. Лебедев патша үкіметінен алғаш рет Құнқұлақ сор мекенін арнайы зерттеуге рұқсат алған. Мұндай рұқсат 1892 жылы Доссорға, 1894 жылы Қарашұңгілге де берілді. Ю.Лебедев 1893 жылы өз рұқсатын Н.Н.Леман, Доппельмаер және Грум-Гржимайлоға сатты. Ал, олар іздестіру және барлау құқығын ала отырып, 1898 жылы «Леман және К» компаниясын құрды. Сөйтіп, қазақ жерін зерттейтін алғашқы мұнай мекемесі дүниеге келді. Н.Н. Леман құрған ком-панияға белгілі кен орындарының көпшілігі концессияға берілді. Сол кезеңде оған Орал облысының Гурьев, Калмыково уездерінің болысындағы кен орындары қарады. Осы жылы Гурьев қаласында компанияның сенімді өкілі

Ембі өндірісіне басшылық жасаған...

Тарихы ерен, тамыры терең «Ембімұнайгаз» АҚ 1922 жылды «Ембімұнай» тресі болып құрылғаны белгілі. Міне, сол уақыттан бері кәсіпорын талай қиын-қыстау кезеңдерден өтіп, бүгінде ғасырға жуық ғұмыр кешкен алып компанияға ай-

налды. Ғасырға жуық уақыт ішінде ембілік мұнайшылар бар күш-жігерін, білімін кен алаңдар қуатын арттыруға бағыштады.

Әрине, табыс өздігінен келмейді. Ол еңбек адамдарының міндетті жұмысына деген жауапкершілігіне, ыждағатына,

кәсіби шеберлігіне байланысты екендігіне дау жоқ. Алайда, «мың қосшыға – бір басшы» дегендей, жетістік әдетте жетекшінің ұйымдастырушылық қабілетіне, біліктілігі мен зердесіне қарай құралатынын білеміз. Ғасырға жуық уақыт ішінде

Компания тарихында 23 басшы ауысып, «қазақ мұнайының кара шаңырағы» саналатын Ембінің дамуының жаңа парағын ашты. Осыған орай, біз Компанияны әр жылдары басқарған басшыларды атап өтуді жөн көрдік.



Рувим Наумович ФРИДМАН
(1922-1929)



Яков Васильевич ЛАВРЕНТЬЕВ (1929-1936)



Яков Давидович (Давыдович) БЕРЕЗИН (1936-1937)



Семен Абелевич ГУТИН
(1937-1938)



Мелик Макарович ХАНАНЯНА (1938-1940)



Иван Порфирьевич НИФОНТОВ (1940-1943)



Владимир Лукьянович ПИЛИПЕЦ (1943-1947)



Виктор Николаевич ФЁДОРОВ
(1947-1951)




Сафи Өтебайұлы ӨТЕБАЕВ
(1951-1957)



Жолдасқали Ахметұлы ДОСМҰХАМБЕТОВ (1957-1971)



Бөлекбай Сағынғалиұлы САҒЫНҒАЛИЕВ (1971-1986)



Қабидолла Ақашұлы БАТЫХОВ (1986-1987)



Наиф Гатуфович КАМАЛОВ
(1987-1995)



Махамбет Демешұлы БАТЫРБАЕВ (1995-2002)



Мәлік Лұқпанұлы ӨМІРЗАҚОВ
(2002)



Нұрпейіс Мақашұлы МАҚАШЕВ
(2002-2004)



Мақсым Шафихұлы ИЗБАСОВ
(2004-2007)



Бақтығали Лесқалиұлы БИСЕКЕН (2007-2009)



Ізтұрған Ұзақбайұлы БАЙМҰХАНОВ (2009-2011)



Жұмабек Қадырбайұлы ЖАМАЕВ (2011-2013)



Махамбет Жолдасқалиұлы ДОСМҰХАМБЕТОВ (2013-2015)



Құрманғазы Орынғазыұлы ЕСҚАЗИЕВ (2015-2017)



Әнуар Еркінұлы ЖАҚСЫБЕКОВ
(2017 – бүгінгі күнге дейін)



ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНСКОЙ НЕФТИ



1892 г.

Первые геолого-поисковые и разведочные работы на нефть были начаты на месторождении Искине в 1892 году.



1893 г.

Началось интенсивное разведочное бурение в районах Доссора, Каратона, Макаата и Карашунгула.



1899 г.

На месторождении Карашунгул взметнулся первый нефтяной фонтан. С этого события начался отсчет истории национальной нефтедобычи.



1908 г.

Получен фонтан легкой нефти на месторождении Искине. Всемирное внимание нефтеносные районы Казахстана получили после открытия крупных месторождений нефти - Доссор и Макат.



1911 г.

В Доссоре было открыто крупное месторождение нефти. Качество нефти превосходило бакинскую.



1912 г.

С помощью иностранных инвестиций создается акционерное общество нефтяной промышленности и торговли «Эмба». В тот же период лондонская биржа выпускает акции, призванные стимулировать нефтедобычу на казахстанских промыслах.



1915 г.

Первую нефть даёт месторождение Макат, обнаруженное компанией «Нобель».



1920 г.

Для промышленного освоения нефтяных месторождений создается управление нефтяными промыслами Урало-Эмбинского района.



1922 г.

Для освоения месторождений Доссор и Макат создается трест «Эмбанефть». К концу 1940 г. промыслы урало-эмбинского района давали 750 тысяч тонн.



1930 г.

В ходе индустриализации 1930-х годов трест «Эмбанефть» полностью перешел на добычу нефти глубинными насосами. Одновременно с этим началось использование природного попутного газа для подогрева котлов и для бытовых нужд.



1938 г.

Объединение «Востокнефтедобыча», куда входил и трест «Эмбанефть», добыло около 4 млн. тонн нефти.



1940 г.

К концу 1940 года промыслы Урало-Эмбинского района давали 750 тысяч тонн нефти.



1941-1945 г.

В годы Великой Отечественной войны «Эмбанефть» не останавливала свою работу ни на минуту и довела добычу до 800 тысяч тонн в год. Наперекор трудностям военного времени прокладывались нефтепроводы Комсомольск-Макаат, Кошкар-Сагиз, возводились паротурбинная электростанция на Камыскуле и Гурьевский нефтеперерабатывающий завод.



1945 г.

Трест «Эмбанефть» преобразован в производственное объединение «Казахстаннефть». В его структуру вошли все предприятия нефтяной промышленности на территории Казахской ССР. К концу 40-х добыча приблизилась к миллиону тонн в год, а в 1968 г. - достигла 2 млн. тонн.



1950 г.

В начале пятидесятых на Эмбе интенсивно вели разведочные работы, увенчавшиеся открытием двух месторождений - Карсак и Теренозок.



1979 г.

Самым ярким и значительным стало открытие в 1979 г. гигантского нефтегазового месторождения «Тенгиз». Группа эмбинских нефтяников-геологов, принимавших участие в открытии уникального месторождения, была удостоена Государственной премии Республики Казахстан.



1993 г.

Нефтедобывающее предприятие было преобразовано в АО «Эмбаунайгаз».

КАЗАХОЙЛ
ЭМБА

1999 г.

В результате слияния ОАО «Эмбаунайгаз» с ОАО «Тенгизмунайгаз» было создано АО «Казахойл-Эмба».



2002 г.

«Казахойл-Эмба» вновь становится компанией «Эмбаунайгаз».

Разведка
Добыча
«КазМунайГаз»

2004 г.

Путем слияния ОАО «Эмбаунайгаз» с ОАО «Узенмунайгаз» создано АО «Разведка Добыча «КазМунайГаз». В тот же год «Эмбаунайгаз» преобразован в производственный филиал.



2012 г.

С 1 октября «Эмбаунайгаз» после 8-летнего пребывания в статусе производственного филиала (ПФ), преобразовано в акционерное общество.



2013 г.

Началась комплексная работа по утилизации попутного нефтяного газа. Была разработана Программа, в рамках которой в 2013-2014 гг. были запущены Установки комплексной очистки газа на месторождениях С.Балгимбаева (НГДУ «Жайкымунайгаз») и Восточный Макаат (НГДУ «Доссормунайгаз»), снабжающие сегодня природным газом по доступной цене население трех районов Атырауской области. Стоимость каждой из Установок более 3 млрд. тенге.



2014 г.

Заклучен Коллективный договор на 2014-2016 гг., согласно которому социальные гарантии для нефтяников были расширены. С апреля 2014 г. на предприятии внедрена единая система оплаты труда, специально разработанная для группы компаний «КазМунайГаз», вследствие чего денежные выплаты нефтяникам увеличились. Коллективный договор АО «Эмбаунайгаз» удостоен премии «Парыз».



2015 г.

С 2015 года в Компании реализуются проект по дуальному обучению и стипендиальная программа. В рамках проекта по дуальному обучению за последние четыре года 97 студентов Атырауского университета нефти и газа, высшего колледжа APCC Petrotechnic и Уфимского государственного нефтяного технического университета параллельно с обучением прошли практику в производственных подразделениях ЭМГ. Вместе с дипломами они получили на руки трудовые книжки с записью о трудовой деятельности. 40 выпускников, набравших самые высокие результаты в ходе итогового тестирования трудоустроены в Компанию.



2016 г.

В рамках кампании по оптимизации затрат и повышению производительности труда в Эмбе, стартовал пилотный проект по внедрению концепции интеллектуального месторождения на молодом месторождении Уз в НГДУ «Кайнармунайгаз» - производственно-структурном подразделении «Эмбаунайгаз» в Кызылгогинском районе и проект по оптимизации процессов материально-технического обеспечения.



2017 г.

В июне 2017 г. запущена Установка по подготовке попутного нефтяного газа на самом крупном нефтедобывающем активе Эмбы - Провинской группе месторождений, расположенной в Жылыойском районе (НГДУ «Жылыоймунайгаз»), мощностью 150 млн кубометров в год. Впервые АО «Эмбаунайгаз» активно развивает «газовое» направление.



2018 г.

В августе 2018 года в рамках рабочей поездки в Атыраускую область Президент Республики Казахстан Нурсултан НАЗАРБАЕВ посетил АО «Эмбаунайгаз». Глава государства ознакомился с деятельностью Центра визуализации производственных процессов ЭМГ.



2019 г.

АО «Эмбаунайгаз» заняла третье место в Рейтинге открытости нефтегазовых компаний Казахстана в сфере экологической ответственности, организованного Всемирным фондом дикой природы (WWF) России и группой «КРЕОН» при поддержке Министерства энергетики РК и в партнерстве с Программой ООН по окружающей среде в Центральной Азии.

На Установке комплексной подготовки газа Провинской группы месторождений была получена первая партия серы.

«Ембімұнайгаз» АҚ: жоспарлау және алға жүру!

Биылғы жыл – Қазақстанның мұнай-газ саласы үшін айтулы кезең. 120 жыл бұрын Қарашүңгіл құрылымындағы №7 ұңғымада мұнайдың алғашқы фонтаны атқылады. Содан бері отандық мұнай өндіру тарихы басталды. Тарих қалай өрбіді, алғашқы қадамдар және Ембінің бүгінгі дамуы мен болашаққа жоспары туралы «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар Еркінұлы Жақсыбековпен болған әңгімеде кеңінен сөз болды.

- Әнуар Еркінұлы, мұнайлы Ембінің отандық мұнай өндіру саласы тарихында алар орны ерекше. Ембілік кен алаңдары – Доссор және Мақаттағы алғашқы кәсіпшіліктерде саланың негізі қаланды...

- Менің ойымша, қазақстандық мұнайдың 120 жылдық мерейтойының бүкіл еліміз үшін маңызы зор. Өйткені, қазіргі таңда мұнай-газ саласы Қазақстанның экономикалық дамуының күретаымы саналады. Соған орай, отандық мұнай-газ кәсіпшілігінің қалыптасу шежіресі ел дамуының тарихымен тығыз байланысты. Алғашқы мұнай фонтаны осы аймақта екі жүз жылға жуық жүргізілген зерттеулерден кейін атқылады, ал, Ембінің мұнай кен орындарында барлау жұмыстары 1892 жылы басталды. Революцияның ауыр жылдары, кейінгі азаматтық соғыс, алғашқы мұнай кәсіпшіліктерін қалыпқа келтіру бойынша жүргізілген ауқымды жұмыстар, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ембілік мұнайшылардың ерлігі – бұл оқиғалардың барлығы мұрағат мәліметтерінде сақталған. Атап айту керек, өткен жүзжылдықтың 20-30 жылдары аралығында мұнай кәсіпшіліктерін дамытумен қатар қазақстандық кадрларды даярлау жұмысы жүрді. Орал-Ембі ауданында білікті жұмысшылар күшін даярлау жөніндегі 1928-1933 жылдарға арналған бесжылдық жоспарына сәйкес, 1928-1929 жылдары 371 қызмет етушінің ішінде 30 пайыздан астамын, 2277 жұмысшының – 46 пайызын қазақтар құрады. Қазақстанмұнайкомбинаты бойынша стахановшылар санының салыстырмалы кестесіне сәйкес, 1941 жылдың соңында Доссор басқармасының 182 стахановшысының 152-сі (83,5%), Мақат бойынша – 242 (барлық стахановшылардың 91%), Ескене – 108 немесе 97%, Қосшағыл – 127 немесе 88%, Байшонас – 213 немесе 97 пайызын қазақ жұмысшылары құрады.

Алғашқы қазақстандық мұнайшылардың ұрпағы бүгінгі күнге дейін «Ембімұ-

найгаз» АҚ-да және еліміздің өзге де мұнай-газ компанияларында еңбек етіп, білікті кадрлардың негізгі құрамын қалыптастыруға үлкен септігін тигізуде.

Өткен ғасырдың 30 жылдарында мұнай-газ кәсіпшілігінің сапалы шикізат базасын жасақтау мақсатында «Ембімұнай» тресінің алдына қойылған міндеттер аясында компаниямыздың базасында мұнай техникумы ашылып, Гурьев-Ембі-Ор мұнай құбырының құрылысы басталды. Соғыс және соғыстан кейінгі жылдары жоғары сапалы отынға деген үлкен қажеттілік отандық мұнай өндірісі мен тұтастай мұнай өңдеу саласының дамуына күшті серпін берді. Гурьев мұнай өңдеу зауыты салынды. «Қазақстанмұнай» өндірістік бірлестігі болып қайта құрылған «Ембімұнай» тресі құрамына 1945 жылдан бастап Қазақ ССР аумағындағы мұнай кәсіпорындары кірді. Ембі геологтары Батыс Қазақстандағы ең ірі көмірсутек кен орындарын - Теңіз, Өзен, Маңғышлақ, Прорва, Кенбай және басқаларын ашты, соның арқасында мұнай-газ саласы әлі күнге дейін ел экономикасының локомотиві болып саналып келеді.

- «Ембімұнайгаз» АҚ-ның тарихы тереңде жатыр. Алайда, оқырмандарды қазіргі Ембінің тынысы мен болашақтағы даму жоспары қызықтырамыз анық. Жуырда Компания алдағы 10 жылдағы даму тұжырымдамасын бекітті. Бұл бағдарламаны қабылдау қажеттілігі неден туындады?

- Келешектегі даму тұжырымдамасын жасақтау қажеттілігі мәселесі Компания үшін күрделі кезеңде туындады. 2015 жылы мұнай бағасы едәуір түсіп, компания үшін өндіру жұмыстарын жүргізу тиімді болмай қалды: компанияның кен орындары өнім өндірудің жоғары сатысына жетіп, көбінің орташа сулану деңгейі 86%, ал, кейбірі тіпті 95%-ға жетті. Игеріліп жатқан 33 кен алаңының ішінде рентабельді болған 13-і ғана өндірудің негізгі көлемін қамтамасыз етіп отырды. Мұндай жағдайдан шығу жолын іздеу керек болды. Кәсіпорынның балансында жақын болашақта қорларды ұлғайтуға мүмкіндік беретін жаңа активтер жоқ болғандықтан, бұл міндет қиындай түсті. Бұған қоса, бес мыңдаған ұжымның алдында әлеуметтік жауапкершілік мәселесі тағы бар. Мұнай бағасының түсуі кезінде жылдық өнім көлемі 2,8 млн. тонна көрсеткішпен компания мұндай штат құрамын сақтап отыра алмас еді.



Жаңа активтердің болмауына байланысты шығындарды оңтайландыруды қолға алу шешімі қабылданды. Компанияда жаңа жұмыс тобы құрылып, оның алдына Ембіні ескі актив ретінде емес, кейінгі даму әлеуеті бар компания ретінде қарастыру міндеті қойылды. Осылайша «Ембімұнайгаз» АҚ-ның даму тұжырымдамасы жасақталды. Алдағы 10 жылға, яғни, 2027 жылға дейін негізделген бұл құжат 2018 жылы қабылданды.

Тұжырымдамаға компания қызметінің стратегиялық маңызды бағыттары кірді. Атап айтсақ, жаңа технологияларды енгізу, жаңа активтерді алу, кен орындарын толық барлау, жаңа келісімшарттарды алу, шығындарды оңтайландыру, мұнай кәсіпшіліктері құрал-жабдықтарын жаңарту, жолдар мен арнаулы техникаларды жөндеу және т.б.

Тұжырымдаманың негізі шығындарды оңтайландыру болып табылады. Яғни, профильді емес активтерді шығару, өндіріске тиімділік әкелмейтін мамандықтар мен позицияларды оңтайландыру. Бұл кезде бас компания «Самұрық-Қазына» АҚ мемлекеттік компаниялар құрамынан профильді емес активтерді шығару жөніндегі бағдарламаны қабылдаған болатын. Нәтижесінде, профильді емес қызмет түрлерінің қызметкерлер құрамы мен шығындарын оңтайландыру аясында мамандықты керек қылмайтын еңбек түрлерінің 350-ден астам жұмыс орны бәсекелестік ортаға тапсырылды. Сондай-ақ, көмекші қызметкерлер тобынан (жеңіл автокөлік жүргізушілері, тазалау қондырғылары кешенінің, жанармай құю стансаларының операторлары және т.б.) 200-ден астам жұмысшының қызметі аутсорсингке ауыстырылды. Ал, жұмысшылар қайта даярлаудан өтіп, негізгі өндіріс мамандықтарына ауыстырылды. Осылайша, компания өзін қаржылық жағынан біртіндеп шығындарын азайтты.

Бұдан басқа шығындарды оңтайландыру қоймалардағы тауарлы-материалдық құндылықтар (ТМҚ) қорын кері қарастыру арқылы жүзеге асты. Оның қорытындылары компания сатып алып жүрген материалдық құндылықтар қоймаларда жеткілікті екендігін аңғартты.

Жүргізілген тексеріс қосымша сатып алуларды болдырмай, қоймаларда бар материалдарды пайдалануға септігін тигізді. Қоймалардағы ТМҚ-ды компания өткізе бастады.

Тағы бір жоба – ембілік кен орындарын цифрландыру. Біздің бұл жобамыз «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағ-

дарламасына қосылды. Цифрландыру – бұл, ең алдымен, шығындарды оңтайландыру, электр энергиясын үнемдеу, сол арқылы жөндеуаралық кезеңді кезеңді арттыру. Мұның барлығы мұнай өндіруді 1,3%-ға арттыруға мүмкіндік береді. Кен алаңдарының ескілігін ескерсек, бұл – компанияның қаржылық бағытына едәуір әсер ететін жақсы көрсеткіш. «Интеллектуалды кен алаңы» жобасы 2016 жылы Уз кен алаңында пилотты түрде іске қосылып, тиімділігі дәлелденгеннен кейін компанияның өзге кен алаңдарына таратылуда. Егер ағымдағы жылдың ортасына қарай 2200 ұңғыманың 583-іне интеллектуалды стансалар орнатылса, жылдың соңына дейін бұл көрсеткіш 673-ге жетеді. Ең бастысы, оператордың жұмысы жеңілдейді. Ол енді бір мезетте 15 ұңғыма бойынша барлық көрсеткіштерді көріп отырады. Ал, бұрын оператор көрсеткіштерді жинақтау үшін барлық ұңғыманы жаяу жүріп аралайтын.

Соған қоса, Компания босаған операторларды қайта оқытып, өзге өндірістік бөлімшелерге, көбіне еңбекті және қоршаған ортаны қорғау қызметіне ауыстырады. Бүгінгі таңда бұл – компания қызметінің басым бағытының бірі. Өйткені, «Ембімұнайгаздың» басты құндылығы қызметкерлердің денсаулығы мен өмірі саналады. Бұл бағытта да біздің жеткен жетістіктеріміз баршылық. 2018 жылы біз өндірісте жазатайым және қайғылы оқиғалар бойынша нөлдік көрсеткішке қол жеткіздік. Бұл осы бағыттағы жаңа команданың жүйелі жұмыстарының қорытындымен жүзеге асты.

Қоршаған ортаға келер болсақ, бізде Ембідегі алғашқы кәсіпшіліктер кезеңінен бастап күрделі мұра қалды. Бұл кезде кен алаңдарын игеру амбарларды қолдану арқылы жүзеге асырылды және бүгінгі күні компания тарихи ластанған жерлерді жою бойынша көптеген жұмыстар атқаруда.

Қазіргі таңда компания қоршаған ортаға жағымсыз әсерді азайту, экологиялық қауіпсіздікті арттыру және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану үшін халықаралық компаниялар қолданатын жаңа тәсілдерді белсенді түрде енгізіп келеді.

Биылғы жылы «Ембімұнайгаз» АҚ Ресейдің Дүниежүзілік жабайы табиғат қоры (WWF) және КРЕОН тобы ҚР Энергетика министрлігінің және БҰҰ-ның Орталық Азиядағы қоршаған орта жөніндегі бағдарламасының (UNEP-CA) қолдауымен жүргізілген Қазақстандағы



экологиялық жауапкершілігі бойынша түзілген мұнай-газ саласындағы компанияларының рейтингінде үшінші орынды еншілеуі тектен тек емес.

Тұжырымдама аясында Компания «газ бағытын» да белсенді дамытуда. Қазіргі таңда компанияда ілеспе газды дайындайтын үш қондырғы жұмыс жасауда. Бұрғыланған ұңғымаларда газ факторының артуына орай соңғы жылдары Компанияның алдында газды залалсыздандыру қажеттілігі мәселесі туындауда. Жеке электр энергиясын өндіру шешімі осыған байланысты. Сондай-ақ, монополистер тарапынан жыл сайынғы тариф өсімінің мәселесін шешпекпіз.

2021-22 жылдары аралығында газ компрессорлық қондырғыларды орнату және электр энергиясын шығару жоспарлануда, бұл өз қажеттіліктерін толығымен жауып, айтарлықтай үнемдеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, газ компрессорлық қондырғылар жобасы технологиялық даму тұрғысында компанияны алға жетелейді.

Прорва кен алаңдары тобындағы қуаттылығы 150 млн. текше метр газды құрайтын ең ірі қондырғыда Ембінің тарихында алғаш рет күкірт өндіріліп, нарыққа өткізілуде. Зауытты жаңғыртып, өндірілетін өнімді арттыруға мүмкіндік болған кезде, 2022-2023 жылдары зауытты кеңейту жұмыстарын жүргізу жоспарлануда. Бұл да өз кезегінде компанияға табыс әкелмек.

Компанияның тұжырымдамасында, сондай-ақ, жаңа алаңдарды алу көзделуде. Компания мамандары сатып алуға болатын келісімшарттық аумаққа жақын орналасқан кейбір жерлерді «көріп отыр». Алайда, қаржылық операциялар бас компанияның шешімін талап етеді, ал, өзiрге бас компания мұндай шешім қабылдаған жоқ.

- Тұжырымдаманы енгізу нәтижелеріне тоқталуға бола ма? Қандай басым бағыттар іске асуда?

- Ең алдымен, мұнай өндіру көлемі 2 млн 820 мың тоннадан 2 млн 895 мың тоннаға артты. Мұның өзі ескі кен алаңдарында игеру, жаңа ұңғыларды бұрғылау, ұңғыларды күрделі жөндеу, жаңа технологияларды, заманауи мұнай құрал-жабдықтарын енгізу және әр ұңғымаға жеке инженерлік көзқарас есебінен мүмкін болып отыр. Осы жұмыстардың нәтижесінде кәсіпорынның жөндеуаралық кезеңі 260 күннен 325 күнге артты.

Бүгінгі таңда Ембіде геологиялық барлау блогы да ауқымды жұмыстарды атқарып отыр. Бұл стратегиялық маңызды бағытқа компания зор үміт артып отыр. Бұған дейін атап өткенімдей, компанияда жаңа құрылымдар жоқ. Барлық геологиялық-геофизикалық материалдарды, бұрын бұрғыланған ұңғымалардың каротаж диаграммаларын тексеріп, барлық геологиялық карталарды жаңадан қайта салу қажет болды. Қазіргі таңда «Ембімұнайгаз» АҚ толық барлау жұмыстары негізінде қорды 10-12 млн. тоннаға арттырып отырған «ҚазМұнай-Газ» ҰК» АҚ-ның жалғыз бөлімшесі. Яғни, 3 млн.тонна өндіріс көлемімен компания жыл сайын қорды толтырып отыр. Болжамды қоры 5-6 миллион болатындығы ескерілмегендіктен, 60-70 жылдары Теңіз аймағында тоқтатылып қалған ұңғымаларға қайтадан тазарту жұмыстары жүргізілді. Ал, қазір геологтарымыз әр ұңғыманың мәліметтерін зерттеп, қабаттарды анықтауда.

Жалғыз ғана шектеу – тереңдікке қатысты, өйткені, рұқсат тек тұзүсті кешеніне ғана. Сонымен бірге, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ қызметі 7000 м тереңдікте Компания терең ұңғыманы

бұрғылауды мақсат ететін Жылыой ауданындағы Қаратон ауданында №3577 келісімшарт бойынша тұзасты құрылымы анықталып, нақтыланды.

Әрине, қауіп әрдайым болады. Алайда, бұл барлық шама бойынша геологиялық ақпараттар алуға мүмкіндік беріп, кейінгі геологиялық барлау жұмыстар стратегиясын нақтылауға жол ашады. Компанияда қазіргі таңда бұрғылауға қажетті геологиялық материалдар жеткілікті.

Тағы бір келешегі зор аумақ – мемлекет тарапынан компанияға берілген Тайсойған әскери полигонның бөлігі. Бұл аумақта Ембінің екі кен алаңы – Шығыс және Солтүстік Уаз орналасқан. Бүгінгі күні 5600 кв. км аумақта 3Д сейсмикалық барлау жұмыстары жүруде. Ұлттық компания бойынша мұндай ауқымды жұмыстарды бұған дейін бірде-бір компания жүргізген емес. Әрине, үлкен шығындар да бар, дегенмен, компания компания онда жаңа кен орындарын ашудың үлкен мүмкіндіктерін көреді.

Тағы бір жоба – Забурын кен орнында 2015 жылы басталған полимерлі суландыру жүйесі. Аталмыш жобаның мақсаты – мұнайды шығару коэффициентін арттыру, сулану деңгейінің тұрақтылығы және мұнай өндіріс көлемін арттыру. Қазіргі таңда кен орнында жұмыс тұрақты жүріп, мұнай өндіру көлемі артты. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде осы жобаны «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-нің Шығыс Молдабек кен алаңына тарату жөнінде шешім қабылданды. Бұл кен орнының бор қабаттарында қор 17 млн тоннаны құрайды.

Сонымен қатар, биыл компания Прорва кен алаңдары тобының триас қабаттарында алғаш рет горизонталды бұрғылау жұмыстарын бастады. Егер вертикалды бұрғылау кезінде 20-30 тонна алуға мүмкіндік болса, горизонталды бағытта бұл көрсеткіш 100 тоннаға дейін артады.

Компанияның жоспарлары бойынша осы жүргізіліп жатқан барлық жұмыстар нәтижесінде қорды ұлғайтуға септігін тигізіп, компанияның 2022 жылы тойланатын 100 жылдығы кезінде кен алаңдарында өндірілетін мұнай көлемін арттыра алады. Бұл тек жұмысшылар еңбегінің жемісі болып қана қоймай, тарихи кәсіпорынның болашағы үшін алаңдайтын ардагерлерімізге жағымды жаңалық болмақ.

Тұжырымдамадағы тағы бір басым бағыт – қызметкерлердің біліктілігін арттыру, отандық мұнай-газ секторына білікті кадрдарды даярлау. 2015 жылдан бері «Ембімұнайгаз» АҚ дуалды оқыту бағдарламасын сәтті жүзеге асырып келеді. Жоғары және салалық орта оқу орындарының 3-4 курс студенттері іріктеліп алынып, бірнеше ай бойы вахталық әдіспен біздің өндірістік кен алаңдарымызда теория мен тәжірибені ұштастыруға мүмкіндік алады. Соған қоса, компания студенттердің тамақтануымен, жататын орнымен, арнаулы киімдерімен толықтай қамтып, сондай-ақ, ай сайын 70 мың теңге көлемінде өтемақы төлейді. Өндірістік тәжірибеден соң студенттер тестілеу сынағынан өтіп, емтихан тапсырады.

2015 жыл мен 2019 жылдың I жартыжылдығы аралығында Ембінің өндірістік нысандарында 97 студент дуалды оқыту бағдарламасынан өтті. Олардың ішіннен, 20-сы – АРЕС Petrotechnic жоғары колледжінің, 73-і – Атырау мұнай және газ университетінің және 4-уі – Уфа мемлекеттік мұнай-техникалық университетінің студенттері. Олар оқу орындарын тәмамдаған соң дипломмен қоса, қолдарына еңбек кітапшаларын алды. Атап өту керек, өндірісте тәжірибеден

өткен студенттердің жартысынан көбі тестілеу сынақтарының қорытындысымен жоғары балл жинап, Компанияға жұмысқа орналасты.

Дуалды оқыту бағдарламасына арналған мамандықтар тізімі жыл сайын жаңартылып, даму тұжырымдамасын жүзеге асыру шеңберінде өндіріске қажетті жаңа мамандықтар бойынша толықтырылып отырады. Егер 2015 жылы аталған бағдарлама аясында студенттер «Ұңғыларды зерттеу операторы» мамандығы бойынша оқудан өтсе, қазіргі таңда олар бес мамандық бойынша тәжірибеден өтуде. Олар – «Технологиялық қондырғылар операторы», «Химиялық талдау зертханашысы», «КИПиА слесарі», «Мұнай және газ өндіру операторы» және «Ұңғыларды зерттеу операторы».

Алдағы уақытта компания дуалды оқыту бағдарламасына қатыса алатын жоғары оқу орындары санын арттыруды жоспарлап отыр. Сонымен қатар, мұнай-газ саласына білікті кадрларды даярлауға бағытталған тағы бір жаңа жобаны іске қосуда. Қазіргі уақытта «Ембімұнайгаз» АҚ С.Мұқашев атындағы Атырау политехникалық колледжімен меморандумға қол қоюға жұмыстануда. Аталған меморандум аясында колледж оқытушылары мен студенттері біздің өндіріспен, енгізіліп жатқан жаңа жобалармен танысуға мүмкіндік алады. Меморандум аясында компания өндіріске енгізіліп жатқан заманауи технологиялар туралы ақпараттар беріп, кейін ол оқу процесіне қосылады.

- Өндірістік қызметке өзгерістер енгізу көбіне жаңа кадрлық шешімдерді талап етеді. Компания құрылымында қандай өзгерістер орын алды?

- Иә, компанияда ұйымдастыру құрылымы өзгерді. Егер бұрын Басқарма төрағасында тоғыз орынбасар, оларға департамент директорлары қарайтын болса, қазіргі жаңа құрылымда орынбасарлар саны 4-ке қысқарды. Бірақ, 7 адамнан тұратын басқарушы директорлар тобы құрылды. Олардың әрқайсысы өз бағыттары бойынша жетекшілік етеді. Бұрын департамент директорларының тікелей өндірістік бөлімшелермен жұмыс жасауға мүмкіндіктері болмаған. Соның салдарынан басшылық пен мұнай-газ өндіру басқармалары (бұдан әрі МГӨБ) арасында байланыс болмаған, ал, жаңа құрылымда басқарушы директорлары олармен тікелей жұмыс жүргізеді. Нәтиже анық байқалды, өндіріспен кері байланыс бірден жақсара түсті. Басқарма төрағасының орынбасарлары ҚР мемлекеттік және

бақылаушы органдарымен жұмыс, қаржы, өндіріс, тасымалдау, коммерциялық және жалпы мәселелер бойынша жетекшілік етеді.


Бұдан бөлек, 2018 жылдың соңында Компания бойынша МГӨБ басшылары, бас инженерлер мен бөлім басшыларына ротация жүргізілді. Осыған орай, әр өндірістік бөлімшенің жұмысы жаңа қарқын алғанын байқап отырмыз. Сөйкесінше, басшылардың кәсіби біліктілігі де арта түсуде. Мұндай тәжірибені біз алдағы уақытта да жалғастырамыз.

Сонымен қатар, компания қызметін цифрландыру аясында болашақта орталық басқару аппаратының штаты да оңтайландырылады. Дей тұра, ешкім қысқартылмайды. Зейнеткерлік демалысқа кеткен қызметкерлердің орнына ауыстыру арқылы жүзеге асады. Сандық технологияларды енгізу арқылы компанияда аталған саланы жетік меңгерген адамдар үшін жаңа орындар пайда болады. Әрине, мұндай қадамдар әрдайым оңай бола бермейді. Дегенмен, бұл уақытты қажет етеді. Егер компания бүгін оңтайландыру жұмыстарын жүргізбесе, күрделі жағдайлармен кездесуі мүмкін. Сондықтан, екі-үш адым алда жүріп, жоспарлау жұмыстарын ерте жүргізуі керек. Осы арқылы «Ембімұнайгаз» бүгін өз жұмысын сәтті жүргізіп келеді. Бұл компанияның қаржылық көрсеткішінде, әсіресе, акционер «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-на әкелер табысында да байқалады.

Мұнай бағасының бірден түсуі – компаниялар үшін үлкен сынақ. Антикризистік менеджмент жұмыстарын қаншалықты жүргізе алатынын аңғартады. Мұндай жағдайда тек өнім өндіруді ұстап тұрып қана қоймай, оны арттыру, күрделі кезеңдерде шешім қабылдау оңайға соқпайтыны белгілі. Міне, қазіргі таңда компания басшылығы осындай жұмыстар жүргізуде.

2022 жылы компанияға 100 жыл толады. Жаңа келісімшарттық аумақтардың болмауына қарамастан, өндіру жұмыстарын жүргізіп, әлеуетін көрсетуде. Компания болашағының зор екендігіне сеніміміз мол – тек акционер тарапынан қолдау және қосымша қаржыландыру қажет.

- Мерейлі мереке қарсаңында оқырмандарымызға қандай тілек айтар едіңіз?

- Қазақстанның мұнай-газ кешенінің барлық ардагерлері мен қызметкерлерін 120 жылдық мерейтоймен құттықтаймын! Біз ауқымды жұмысты бірге атқарып, елімізге үлкен үлес қосудамыз. Әрқайсысыңызға денсаулық, отбасыларыңызға амандық, елімізге тыныштық тілеймін! 



(Продолжение, начало на стр 2).

...Посетил Новобогатинск - нашел промысел в разрушенном состоянии, утащено все что возможно: машины из буровых, части от оставленных машин, инструменты из мастерских – словом, все приведено в негодность. А между тем этот промысел заслуживает внимания, необходимо на нем развивать пробные работы...

...Кроме продуктов питания необходимо прислать не меньше 1500 пар сапог, немного детской обуви, женское одеяние и обувь, профодежду, нитки и т.д.

...За отсутствием некоторых специальностей нет возможности отремонтировать квартиры на промыслах, нет стекла для окон, нет плит, нет чугунных коробок для нефтяного отопления, нет кирпича, нет бочек для воды, нет и материала для производства этих бочек. Нет буровых партий, нет ни одного токаря по металлу – словом, нечем взяться за дело....

Не было вопроса, который бы не требовал внимания первого руководителя Р.Фридмана.

«Прошу Вашего ходатайства, товарищ Фридман, о переводе Доссорской Советской больницы в ведение нефтяного управления, прилагаю список сметы. С открытием нормальных работ на промыслах и притоком новых рабочих сил желательно увеличить штат врачей, добавить зубного врача и одного эпидемического фельдшера», - обращается в письме в августе 1920 г. заведующий Доссорской Советской больницы, врач Забродин.

В условиях, когда на промыслах ощущался дефицит рабочих рук, к работе привлекаются малолетние подростки, которым не позволялось работать более 4-х часов, а отработанные часы засчитывались как полный рабочий день.

НЕФТЯНАЯ ЭМБА НАРАЩИВАЕТ ДОБЫЧУ

Несмотря на трудности этих лет, 18.07.1919 г. Президиумом НТС по Нефтяной промышленности утверждает проект нефтепровода Макат-Доссор. В 1920 году для промышленного освоения нефтяных месторождений создается управление нефтяными промыслами Урало-Эмбинского района. На этот



же год намечается программа эксплуатационного бурения, в рамках которой планируется бурение 4 меридиальных скважин на месторождении Доссор.

Добыча нефти на Доссоре в 1920 году с января по сентябрь возрастает в 6 раз: с 59,987 до 327,628 пудов. Если в первые месяцы 1920 г. весь объем добычи нефти обеспечивался фонтанным притоком, к сентябрю большая часть добывается с помощью компрессоров и глубоких насосов.

В 1922 году для освоения месторождений Доссор и Макат создается трест «Эмбанефть». Производственная программа по промыслам Треста «Эмбанефть» на 1927-1928 гг. предусматривала валовую добычу промысла Доссор в 199.599 тонн, Маката – 77.870 тонн, по всему району, включая добычу 1.800 тонн газа – 279.269 тонн. В рамках глубокого разведочного бурения планировалось пробурить 40 скважин из которых 21 – на новых площадях и 19 – на эксплуатационных.

Из тезисов к докладу по тресту «Эмбанефть» на промышленном совещании по вопросам развертывания крупной промышленности в Казахстане.

...Урало-Эмбинский нефтеносный район представляет громадную площадь, размером около 70 тысяч кв. верст, которая благодаря многочисленным выходам нефти является, по отзывам геологов, районом с огромными нефтяными запасами. Урало-Эмбинский район может стать равноценным нашим нефтяным районам.

...Эмбинская нефть отличается от нефтей особыми маслянистыми качествами. Профессор Гурвич в свое время отметил эти особые свойства нефтей в их масляных фракциях: низкий удельный вес и высокую вспышку при одинаковой вязкости. Свойства, приближающие эмбинские продукты к пенсильванской.

...Оба промысла (Макат и Доссор) экономически и коммерчески себя оправдывают. Результаты деятельности за истекший период, получение прибылей и темп эксплуатационных и разведочных работ, взятый трестом, гарантирует развитие Урало-Эмбинского района средствами Треста без государственной дотации при условии оставления прибылей и необложения попутной платы.

...Необходимость усиленной разведки района в настоящее время вызывается не только соображениями общего характера о желательности увеличения государственного резервного нефтяного фонда и необходимостью увеличения добычи нефти, но диктуется и тем обстоятельством, что эксплуатационный фонд «Эмбанефти» чрезвычайно ограничен.

Запасы нефти Доссора и Маката составляют около 120 млн. пуд. и обеспечивают рентабельную работу существующих промыслов в течение не более 4-х лет.

...Этот срок должен быть использован для открытия новых месторождений и пуска их в эксплуатацию до истощения Доссора, ибо в противном случае мы потеряем базу для разведок как техническую, так главную и экономическую, что сопряжено с большими убытками.

...Развитию разведочных работ в Урало-Эмбинском районе должно быть придано первейшее важности значение, и Тресту Эмбанефть должна быть представлена возможность внеочередного приобретения за границей всего необходимого технического оборудования для достижения наибольшей производительности при наименьшей себестоимости...

Именно отсутствие оборудования иногда приводило к задержке работ по бурению. Из документов тех лет:

...Запаздывание в получении иностранного оборудования не позволило в текущем году развернуть работы по глубокому разведочному бурению в более широком масштабе, но в настоящее время, когда значительная часть оборудования, заказанного за границей, будет на промыслах в начале 1927-28 гг., работы по глубокому разведочному бурению будут развернуты в очень широком формате.

Во второй половине 20-х годов на Эмбе начали применять роторное вращательное бурение, что способствовало развитию буровых работ, а также росту глубины скважин, темпа вскрытия и разведки нефтяных залежей. В результате этого средняя глубина скважин возросла с 196,7 м в 1929 г. до 637,7 м в 1932 г.

Нефтяники Эмбы первыми в СССР и Европе освоили на Доссоре и Макате сверхглубокое бурение того времени - до 2500-2800 м. К концу 1940 г. промыслы Урало-Эмбинского района давали 750 тысяч тонн нефти.

СТАНОВЛЕНИЕ ОТЕЧЕСТВЕННЫХ КАДРОВ

Если на первых промыслах казахи выступали чернорабочими, сторожевыми и доставщиками грузов, уже в 20-30 годы в рамках реализации Программы коренизации трудового персонала картина начала меняться.

В 1928-1929 гг. из 371 служащих Урало-Эмбинского управления численность казахов составляла 112 человек, или 30,1%, из рабочих 2277 – 1041 казахов, или 45,8%.

Согласно перспективному пятилетнему плану подготовки квалифицированной рабочей силы в Урало-Эмбинском



районе на 1928-1933 годы к концу планового периода доля казахских квалифицированных кадров при условии выделения денежных средств на подготовку должна была составить 75-80%. Из докладной записки от управляющего нефтяными промыслами Р. Новосильцева, заместителя С. Шарипова и управляющего делами М. Меликова (стилистика и орфография сохранена):

...Добыча нефти на 28/29 г. увеличена на 93.000 тонн против 27/28 гг., когда все 2.169 человек добывают совместно в год 295.000 тонн, или 135 тонн каждый рабочий в год, или 11,3 тонны в месяц. Этого рода производительность мы имеем при недостаточно еще полной загрузке рабочих и медленно идущих на убыль прогулах.

...горное дело для промыслов является основным, работа здесь десятилетиями без перерывов, а поэтому казах, поступивший, скажем, на работы по бурению или добыче нефти, имеет возможность работать здесь настолько долго, что в процессе работы такой казах квалифицируется. К тому же и определиться впервые на работу казаху степняку легче в бурении или на добычу нефти. Из большого количества побывавших на этих отраслях работ рабочих большое количество их остаётся в этом деле и охотно поступает на работу. Кроме того, поскольку бурение и эксплуатация скважин в одинаковой мере требует учебы как от казаха, то и от не казаха, если они впервые определяют себя на работу, то разумеется, что предпочтительнее привлекать на такие работы казахов из местного населения.

Уже к 1940 годам соотношение работников на промыслах меняется в пользу представителей коренной национальности. Растет и их профессионализм. Согласно сводной таблице количества стахановцев по Казахстаннефтекомбинату, из 182 стахановцев управления Доссор – 152 (83,5%) работника казахской национальности, по Макату – 242 казаха-стахановца (91% от всего числа стахановцев), Искине – 108, или 97%, Косчагылу – 127, или 88%, Байчунасу – 213, или 97%. ■

(Продолжение следует...)

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: қоғаммен байланыс қызметі

Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі

мекен-жайға жолдай аласыздар:

Л.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177.

L.Suleimenova@emg.kmger.kz

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmger.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmger.kz

А.Хаменова – 8 (7122) 99-34-80; 21-353

A.Khamenova@emg.kmger.kz

Редакциялық кеңес:

Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ - «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы;

Қайрат ӨДІЛБЕКОВ - Басқарма төрағасының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары;

Сәлімжан НАҚПАЕВ - Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;

Бауыржан БАЛЖАНОВ - Басқарма төрағасының бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары;

Гүлбану ШАРАФЕТДИНОВА - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

Лаура СҮЛЕЙМЕНОВА - қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі.

Баспахана:

«Print House Geron» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қ., Қ. Сәтпаев көш., 30А/3,

Х. Ерғалиев жағалауы бұрышы, 124 кеңсе.

Тел: +7(727) 250-47-40, 398-47-39.

Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік және мобилизациялық жұмыстары қызметі